

П. Молдахметова, магистрант
Ғылыми жетекшісі: Б. О. Алтынбасов, заң ғылымдарының кандидаты,
доцент
(Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ — ҚОҒАМДЫ ДАМУШЫ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Ғылым — адамзат мәдениетінің орасан зор жетістігі болып саналады. Ол адамзат өмірін ұрпақтан-ұрпаққа жеңілдетіп, тәуелсіз етеді және материалдық, рухани байлықтың негізіне айналады. Ғылым жолы — шыдамдылық пен көп оқығанды қажет ететіні сөзсіз. Ғылым, оның қоғамда алатын негізгі орны, ғылымның адамзат бойына сіңіретін асыл қазынасы өте зор.

Адам баласы үшін шынайы өмірдің мәні ғылым-білімді игеруде жатыр. Ал, өзінің үйренген нәрсесін басқаларға үйретуден қол үзгендер — тіршілік етіп жүрсе де жансыз өлікке тең. Неге десеңіз, адамның жаратылыс мақсаты — көріп-білу, үйренгенін басқаларға үйрету¹.

Ғылым игерудегі мақсат — білімнің адам баласына жөн сілтеп, бағыт-бағдар көрсетуі, үйренген нәрселерінің кәміл адамдыққа бастайтын жолды жарыққа бөлеуі. Рухқа сіңбеген ғылым — арам тер боп арқалаған ауыр жүкпен бірдей пайдасыз. Ал адамды жоғары мақсатқа жетелемеген таным — жүрек пен ойға артылған артық салмақ.

Белгілі түрік данышпаны Фетхуллах Гүленнің ғылымға қатысты пайымдауларын келтіріп өтсем деймін. «Ғылым-білім арқылы қол жеткізген мансап пен шен басқа жолдармен жеткен лауазымнан әлдеқайда биік әрі ғұмыры да ұзақ. Өйткені ғылым адамды бұл дүниеде жамандық атаулыдан алыс, абыройлы етсе, о дүниеде де оны иманы мен рухани танымы арқылы өзі елестеткеннен де биік дәрежеге шығарып, бақытқа кенелтеді»². Демек, шын пейілмен, шын көңілмен өздерін ғылым жолына арнаған адамдар шын мәнінде де өте биік дәрежеде болатыны сөзсіз.

«Ғылым — теңіз, білім — қайық» дегендей қиын да, қызық ғылым жолында жүрген жандар қаншама? Бірақ сол жолда шын еңбегімен, ақылымен дараланып, қоғамға пайдасын келтіріп жүргендер санаулы-ақ. Қазіргі таңда жас мамандарды ғылым жолына тарту ісі кең жүргізіліп келе жатыр. Сан салалы ғылым мен өнердің қай саласы да адамға пайдалы. Дегенмен оның бәрін бірдей игеріп, дәріптеуге пенденің ғұмыры келте, мүмкіндіктері шектеулі. Сол себепті әрадам өзі үшін, ұлты үшін қажеттілерін ғана үйреніп, іске асыруы тиіс, пайдасыз іспен өмірін босқа өткізбеуі керек.

Елімізде 2011 жылдың 18 ақпанында «Ғылым туралы» жаңа заңға қол қойылды. Бұл заңда ғылым жолына түсем деушілерге, ғылым жолын өмірлік жолым деушілерге айтарлықтай мүмкіндіктер қарастырылған. Оның ішінде ғалымдарға, оларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауларға аса көңіл бөлінген. Ғалымдардың қоғамдағы мәртебесіне және ел экономикасын дамытудағы рөліне назар аударылған. Ғылыми кадрларды даярлау мен

зерттеулерге қолдау көрсетудің жаңа жүйесі қарастырылған. Менің ойымша, оның бәрі үлкен жетістік.

Қай халықтың да ертеңге артар үміті көп болады. 17 қаңтар еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде, Елорда төрінде — маңызы зор, айтулы оқиға болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы жарияланды.

Елбасы белгілеген стратегияны жүзеге асыруда ғылым саласының да атқарар рөлі зор. Бұл жөнінде Жолдауда айрықша айтылды. Әсіресе мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, роботты техника, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен алудың және жасыл экономиканың негізін салудың маңыздылығы күн тәртібіне қойылуда³.

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру жолында басты басымдық пен көрсеткіш — ол ғылым мен ғылымды қажетсінетін экономика көрсеткіштері болып табылады. Сондықтан да, Елбасы өзінің халыққа Жолдауында осы мәселеге ерекше ден қойған.

Шұғыл түрде ғылыми негізделген экономикалық база жасау қажеттігі және олсыз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмайтындығымыз да белгілі болып отыр.

Сондай-ақ, ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткішіндей, жалпы ішкі өнімнің 3 пайызға дейін жеткізу жөнінде нақты тапсырмалар берілді⁴.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулардан соң, әрине, жас ғалымдардың, жас мамандардың ғылымға деген құлшыныстары оянуы тиіс. Ғылыммен шынайы айналысқан адам ешқашан да ұмыт қалмайды. Бұрынғы білім беру жүйесіне қарағанда қазіргі таңда ғылымға, оның дамуына аса мән беріледі. Әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының ашылуы, мемлекет тарапынан ғылыми жобаларға қатысты бөлініп жатқан гранттар бұған куә. Ғылым әлемдік аренаға елімізді жетелейтін интеграциялаушы жол екенін ұмытпайық.

Қорытындылай келе шағын пікірімді ұлы Абай атамиздың сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық».

¹ www.kitaphana.kz

² Фетхұллах Гулен Руханият көктемі // Ғылым мен технология туралы. 2012. 12 ақпан.

³ Кәрібжанова Р. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстелдегі алғы сөзі. 2014. 12 ақпан.

⁴ strategy2050.kz